

**Диссертациялық кеңестің бірінші жартың 2021 жылдың жұмысы
туралы
ЕСЕБІ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
«6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология»,
«6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша
диссертациялық кеңесі

**Диссертациялық кеңестің төрайымы
т.ғ.д., профессор Сұлтанғалиева Г.С.**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2019 жылғы 18 ақпан №49
бұйрығымен бекітілген.**

Диссертациялық кеңеске

«6D020300 – Тарих»

«6D020800 – Археология және этнология»

«6D021200 – Түркітану»

диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

мамандығы бойынша;

мамандығы бойынша;

мамандығы бойынша

1. Өткізілген отырыстың саны -1.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
«6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 –
Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің кезекті
мәжілісі 09.04.2021 ж. күні өткізілді. Күн тәртібінде қаралған бір мәселе:

1.«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Кариев Елдос Максатовичтің
«Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасының аясында зерттелудегі
археологиялық ескерткіштер Еуразия халықтары тарихының дерек көзі»
тақырыбындағы диссертациясы қорғауы. Ғылыми жетекшісі т.ғ.д., профессор
Мәшімбаев Серік Мектепұлы, шетелдік ғылыми жетекші – Анатолий Наглер,
PhD, Герман археология институтының Еуроазия бөлімінің ғылыми
қызметкері, Берлин (ГФР).

Диссертациялық кеңес отырысының нәтижесі бойынша Кеңес
мүшелері Кариев Елдос Максатовичке PhD дәрежесін беру туралы шешім
қабылдады;

Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Кариев Елдос Максатович «6D020300 – Тарих» мамандығы, (2011-2014),
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология факультеті.

1. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1. Кариев Елдос Максатовичтің «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасының аясында зерттелудегі археологиялық ескерткіштер Еуразия халықтары тарихының дерек көзі» тақырыбындағы зерттеу жұмысы тарих ғылымының және оның бірнеше салалары мен пәндерінің, нақтырақ айтсақ, археологияның, деректанудың және тарихнаманың тоғысында дайындалған. Еңбек, «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасына еңген археологиялық нысандарды, сондай-ақ, басқада заттай ескерткіштерді қамтитын зерттеулердің барысы мен нәтижелерін теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік тұрғылардан ғылыми сараптауына бағытталған. Алынған мәліметтердің тарихи дерек ретіндегі мазмұнын, ғылыми ізденістердің әлеуметтік-экономикалық әсері мен Еуразия халықтары тарихының белгілі бір мәселелерін шешудегі үлесін және аталмыш бағдарлама аясында зерттелген басқа да маңызды мәселелерді қарастыру жүзеге асуда.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

1. Кариев Елдос Максатовичтің «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасының аясында зерттелудегі археологиялық ескерткіштер Еуразия халықтары тарихының дерек көзі» тақырыбы бойынша диссертациялық зерттеудің тарих ғылымы үшін маңызы айтарлықтай. «Мәдени Мұра» ұлттық стратегиялық бағдарлама шегіндегі көп жылдық жұмыс нәтижесінде көлемді ақпарат қоры жиналғаны баршаға мәлім, соның ішінде археологиялық ескерткіштердің үлесі айтарлықтай. Ресми мәліметтерге жүгінсек 2004 жылдан бері 40-қа жуық археологиялық ескерткіште ғылыми зерттеу жүзеге асырылып, Қазақстан археологиясының деректік қоры көлемі және мазмұны жағынан орасан зор мәліметтерге ие болды. Оның ішінде тас және көне металл дәуірлерінің ескерткіштері, ерте темір ғасыры және ғұн-сармат кезеңдерінің нысандары, көне түркі, ортағасырлық тайпалар және қалалық мәдениет бойынша ғылыми ізденістер нәтижелері бар. Қазіргі таңда иеліктегі ақпаратты өңдеу және зерттеу нәтижелерін жалпылап, жүйелік сараптамаға салу қажеттілігі туындауда. Осы кезге дейін бұл бағытта жасалған жұмыс көп жағдайда бөлек ескерткіштерге және тарихи кезеңдерге арналып, басым жағдайда өңірлік қарастыру орын алғанын айта кету керек. Осы шақта бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелерін Қазақстан, сондай-ақ бүкіл Еуразия көлемінде жалпылау, әр археологиялық ескерткіштің түпнегізін айқындау және бөлек мәдениеттер арасындағы тарихи сабақтастықты анықтау мен жүйелеу арқылы бір ретке келтіру мұқтаждығы зор.

Сонымен қатар зерттеу жұмысында қазіргі әлемдік ғылымның шегінде орын алып жатқан кейбір үрдістерге сай археология саласының тарих

ғылымына қатыстылығына, заттай деректердің тарихи дерек екендігіне күмәндану сипатына ие ойлар хақында аталған мәселелер мұқият және Қазақстан материалдары негізінде тыңғылықты зерттеп-зерделенуде. Бұл да диссертация тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

1. Кариев Елдос Максатовичтің «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасының аясында зерттелудегі археологиялық ескерткіштер Еуразия халықтары тарихының дерек көзі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңызы мен құндылығы зерттеу барысында «Мәдени Мұра» ұлттық бағдарламасының аясында зерттелген археологиялық ескерткіштердің кең көлемді мәліметтері Еуразия халықтары тарихымен тығыз байланыста жан жақты қарастырылғанымен, сарапталғанымен, жүйеленіп жалпыланғанымен анықталады. Бұл өз кезегінде зерттеулердің нәтижелерін оқу құралдарын, ішкі және халықаралық туризмді дамыту аясында туристтік маршруттарды дайындауды, сонымен қатар бұқаралық халық арасында мәдени мұраны насихаттауда кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының тағы бір тәжірибелік маңызы – оның қағидалары елімізде қазіргі таңда өзекті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламаларының негізгі бөлімдерін зерттеп, зерделеуге айтарлықтай үлес қоса алады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

1. Кариев Елдос Максатович. 6D020300 - Тарих мамандығы. Диссертация тақырыбы: «Мәдени мұра» ұлттық бағдарламасының аясында зерттелудегі археологиялық ескерткіштер Еуразия халықтары тарихының дерек көзі».

Рецензенттер: А.А. Жанбосинова - тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, мамандығы «07.00.02 – Отан тарихы»; А.А. Бисембаев – т.ғ.к, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, мамандығы «07.00.06 – Археология».

Рецензенттер орындалған жұмысқа ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы бар және барлық талаптарға жауап беретін тәуелсіз ғылыми зерттеу ретінде баға беріп, ол диссертациялық кеңес мүшелері тарапынан қолдау тапты.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарына шетелдік ғалымдар тарапынан жетекші мамандарды рецензент ретінде тарту;

2. Жас ғалымдар еңбегінің қолдану аясын (республика, шетелдік оқырман қауымға кеңінен тарқату үшін) кеңейту мақсатында автореферат шығару тәжірбиесін қайта қолданысқа енгізу.

3. Қорғауға ұсынылатын диссертациялардың сапасын арттыру мақсатында докторанттардың диссертациялық жұмысын алдын-ала ғылыми семинардан өткізу талабын енгізу.

7. **Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:**

| | Мамандық «6D020300 – Тарих» | Мамандық «6D020800 – Археология және этнология» | Мамандық «6D021200 – Түркітану» |
|---|--|--|--|
| Қараудан алынып тасталған диссертациялар | - | - | - |
| Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары | - | - | - |
| Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар | - | - | - |
| Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары | 1 | - | - |
| Оның ішінде басқа оқу орындарынан | - | - | - |
| Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары | - | - | - |
| Оның ішінде басқа оқу орындарынан | - | - | - |
| Қорғалған диссертациялардың жалпы саны | 1 | - | - |

Оның ішінде басқа-
оқу орындарынан

Диссертациялық кеңестің
Төрағасы Султанғалиева Гульмира Салимжановна



Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы
Қалыш Аманжол Боранбайұлы

(қолы, аты-жөні және тегі)



Мөр Мерзімі 2022 жылғы "10" Қазтар